АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ
МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ
СУД ГОРОДА АСТАНЫ

010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Абая
көшесі, 36 ғимарат, тел: +7 (7172) 71-06-35;
факс: внутр.2474; email: 010207@sud.kz

010000, Республика Казахстан, город Астана, улица
Абая, 36 зд, тел: +7 (7172) 71-06-35;
факс: внутр.2474; email: 010207@sud.kz

06.05.2026 № 7119-26-5-21/17506

**"Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік күзет қызметі"
республикалық мемлекеттік
мекемесіне**

ЭҚАБЖ арқылы

№7119-25-00-2/15260 санды азаматтық іс бойынша заңды күшіне енген сот шешімінің көшірмесін мәлімет үшін жолдайды.

Қосымша: сот шешімі.

Судья **Ж.Жетібаев**

Орынд.: Баккараева Д. Х.
тел.: *8-7172-71-05-53, 717-2462@sud.kz*

Құжатты жасаған: БАККАРАЕВА Д. Х., 8-7172-71-05-53, 717-2462@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: ЖЕТІБАЕВ Ж. К., 06.05.2026 10:55

ҚР Жоғарғы соты Төрағасы ДЖ. ЭСК тексеру нәтижесі он

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік күзет қызметі
Кіріс № 2775
2026 « 06 » 05
Негізгі 1 қосымша 2 парақ

832

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2026 жылғы 18 ақпан іс №7119-25-00-2/15260 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К. Жетібаев,
сот отырысының хатшысы Д.Баккараеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Студия архитектуры и дизайна «Mon.Arch» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2) Тұрақсыздық айыбын және айыппұл сомасын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Р.Б.Койшиманов
жауапкердің өкілі М.Г.Киялов

СИПАТТАУ БӨЛІМІ:

2025 жылғы 17 наурызда «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен «Студия архитектуры и дизайна «Mon.Arch» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (жобалаушы) арасында № 230 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған, онда жауапкер «0111 әскери бөлімінің Штаб-Казарма ғимаратының күрделі жөндеу жүргізуге қатысты жобалау-сметалық құжаттама дайындау жұмысын жасау және оны сараптамадан өткізу» туралы міндеттеме алған.

Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі 2025 жылғы 12 қарашаға дейін, шарттың қолданылу мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Шарттың құны – 73 978 382 теңгені құрайды.

Жауапкер шартта көрсетілген міндеттемені орындамаған. Тараптар арасындағы шарт 2025 жылғы 15 желтоқсанда біржақты бұзылған.

Талап қоюшы шарт талаптарын тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды, тұрақсыздық айыбын және айыппұл сомасын өндіруді талап етті.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты толық қолдап, сотқа арызда көрсетілген уәждерге ұқсас түсінік берді. Талап қоюшы шарт талаптарын орындамағаны үшін талап қою арызын толық қанағаттандыруын талап етті.

Жауапкер сот отырысында талап қою арызын мойындамай, келесіні көрсетті, осы шарт бойынша тауарды жеткізуге байланысты барлық шара қабылданғанын көрсетті.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІМІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі ол, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Шарт талаптарын сай өнім берушілер шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Сотта анықталғандай, жауапкер сотқа біржақты бұзылған шартты заңсыз деп тану туралы талап қою немесе қарсы талап қою арызымен сотқа жүгінбеді.

Іс материалдарына сай, шартта қарастырылған міндеттемеме жауапкермен орындалмаған, жауапкердің кінәлі әрекетінің салдарынан тапсырыс берушіге теріс салдар келтірген, атап айтқанда жобалау-сметалық құжаттама дайындау жұмысын жасамау және оны сараптамадан өткізбеу салдарынан басқа конкурс жариялауға мәжбүр болып тұр.

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 18.02.2026

Заңды күшіне енген күні 23.04.2026 Сулы Жетибаев Ж. К. 06.05.2026

/119-25-3-1/15497

Сондай-ақ жауапкер сот отрысында шарт талаптарын орындау мақсатында мемлекеттік сараптамаға тапсырғандығын, алайда оған теріс қорытынды бергендігін көрсетті.

Ескеретін жайт, бүгінгі күні шарт біржақты бұзылған және ол дауланбаған. Одан бөлек шарттың қолданылу мерзімі тек 2025 жылға арналған.

Істің мұндай жағдайында, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арыз қанағаттандырылуға жатады.

№2 талап бойынша

ҚР Азаматтық кодексінің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл, өсімақы) айыбы, борышкердің міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда несие берушіге заңмен немесе келісім-шартпен анықталған ақша сомасын төлеуге міндетті.

Шарттың 7.3. және 7.5. – тармақтарына сәйкес жұмыстардың орындалуы кешіктірілген жағдайда орындаушы 0,1 % көлемінде әр күн үшін айыппұл өндіру көзделген.

Есепке байланысты тұрақсыздық айыбы келесіні құрайды:

73 978 382 теңге (шарттың соммасы) х 0,1% тұрақсыздық айыбы = 73 978 теңге (әр күн үшін) х 33 күн кешіктіру (шартты бұзу күніне) = 2 441 286 теңге. Есеп дұрыс жасалған.

Шарттың 7.4. – тармағына сәйкес, шарттың 7.3. тармағынан бөлек, шарттың талаптарын орындамаған жағдайда өнім берушіден 10% шарттың жалпы соммасынан, ал жартылай шарттың талаптарын орындамаған жағдайда 10% орындалмаған соммадан айыппұл ұсталады (өндіріледі).

Айыппұл сомасы келесіні құрайды:

73 978 382 теңге (шарттың соммасы) х 10% айыппұл = 7 397 838 теңге. Есеп дұрыс жасалған.

Сондықтан, жауапкерден шартты орындамағаны үшін талап қоюшының пайдасына 2 441 286 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 73 978 382 теңге айыппұл сомасы өндірілуге жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 117-бабына сәйкес, мемлекеттік баж жауапкерден мемлекет пайдасына өндіріліп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 18.02.2026

Заңды күшіне енген күні 23.04.2026, ОЛЖА Жетибаев Ж. К., 06.05.2026

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Студия архитектуры и дизайна «Mon.Arch» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын және айыппұл сомасын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Студия архитектуры и дизайна «Mon.Arch» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Студия архитектуры и дизайна «Mon.Arch» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 7 397 838 (жеті миллион үш жүз тоқсан жеті мың сегіз жүз отыз сегіз) теңге мөлшерінде айыппұл самасы, 2 441 286 (екі миллион төрт жүз қырық бір мың екі жүз сексен алты) теңге тұрақсыздық айыбы және 295 174 (екі жүз тоқсан бес мың бір жүз жетпіс төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Студия архитектуры и дизайна «Mon.Arch» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **Ж.К.Жетібаев**

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 18.02.2026

Заңды күшіне енгені туралы ҚҚЖ 23.04.2026 судья Жетибаев Ж. К., 06.05.2026